

**КАБЫЛБАЕВА БАЛЖАН МАРАТКЫЗЫ**

**Оқу әдістемелік қамтамасыз ету базасында ақпараттық өзара байланысты интерактивті электронды білім беру ресурстарын қалыптастыру** (Қазақстан инновациялық университеті материалында)

**Диссертация құрылымы және көлемі.** Оқу әдістемелік қамтамасыз ету базасында ақпараттық өзара байланысты интерактивті электронды білім беру ресурстарын қалыптастыру (Қазақстан инновациялық университеті материалында) атты тақырыбындағы магистерлік диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс компьютерде терілген 101 беттен, оның ішінде 7 сурет, 16 кестені және 44 қолданылған әдебиеттер тізімін қосады. Сандық материалдар кестелерде, суреттерде келтірілген.

**Негізгі сөздердің тізімі:** бағдарламалық қамтама, гиперсілтіме, интерактивті оқыту, автоматтандырылған жүйе, ақпарат, электронды қабылдау, графикалық интерфейс, колледж, ақпараттық жүйе, ақпараттық технологиялар, технологиялық тәсіл, ақпараттық жүйе алгоритмі, деректер қоры.

Диссертациялық Оқу әдістемелік қамтамасыз ету базасында ақпараттық өзара байланысты интерактивті электронды білім беру ресурстарын қалыптастыруға арналған Семей қаласы Қазақстан инновациялық университеті материалында.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Электронды оқулықтар, өзінше бір репетитор ретінде мұғалімге оның дербес өзіндік жұмысын сапалы ұйымдастыруға көмектеседі. Жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру. Жаңа технологияларды қолдану әрқашан өзекті мәселелердің бірі болып келеді.

**Зерттеу мақсаты мен тапсырмалары.** оқу әдістемелік қамтамасыз ету базасында ақпараттық өзара байланысты интерактивті электронды білім беру ресурстарын қалыптастыру, студенттерінің бойында білім құндылығын қалыптастыруды ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу және мазмұны мен оқу әдістемелік комплекс әдістемесін ұсыну.

**Мәселенің зерттелу деңгейі.** Зерттеу бірнеше бағытта жүрді: «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша оқу әдістемелік қамтамасыз ету базасында ақпараттық өзара байланысты интерактивті электронды білім беру ресурстарын қалыптастыру, оқу әдістемелік комплексті жобалау, үрдістерді автоматтандыру, компьютер біліктілігін қалыптастыру, меңгеру.

**Диссертациялық зерттеу объектісі.** Семей қаласы Қазақстан инновациялық университеті болып табылады.

**Диссертациялық зерттеу пәніне** интерфейс және арнайы программалық модульдері базалары жатады.

**Жұмыстың міндеті.** Білім беру үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын айқындайтын әдістемелік, педагогикалық басылымдармен

танысу. Сабақта оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдана білу. Оқушының таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету, білім сапасын көтеру.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Жаңа заманауи технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар өзара тілдік, яғни коммуникативтік қарым-қатынаспен байланысты құралдарды қолдану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Яғни жұмыс жағалығы және өзектілігі жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру болып келеді.

**Зерттеу нәтижелерін апробациялау.** Зерттеу нәтижелері «Ақпараттық технологиялар көмегімен білім беру сапасын көтеру тәсілдері» тақырыбында Қазақстан инновациялық университетінің хабаршысы жинағында жарияланды. №2(10), 2017, 110 бет.

**Диссертация құрылымы мен көлемі.** Диссертация 101 беттен, 7 суреттен, 16 кестеден құралған. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, әдебиеттерден және 2 қосымшадан тұрады.